

В НОМЕРЕ:

3

**1 октября -
день пожилого
человека**

6

**Мұғалімдер -
өмірдің
жыр дастаны**

14

**Тіл менің
мәңгілік
тақырыбым**

Ұстазға арнау

*Сен ұстазсың қолға қалам алдырған,
Әріптерден маржан сөздер жаздырған.
Сен ұстазсың асыл сөздер айтатын,
Сәби бала алдыңа кеп, азамат боп қайтатын.*

*Сен ұстазсың бала күлсе күлетін,
Шәкіртіңмен бірге жасап, бірге өмір сүретін.
Сен ұстазсың бүкіл сынып тірегі,
Сен деп соғады, сен деп соғады сәбилердің
жүрегі.*

*«Сен ұстазсың бал мінезді баладай,
Үлкен-кіші бас иеді саған ірі данадай.
Сен ұстазсың еңбек еткен балаға,
Еткен еңбек кетпек емес еш уақытта
далаға»*

*Қамысбай Ықылас,
Ардагер ұстаз
Павлодар қаласы.*

ГАЗЕТА
ПАВЛОДАРСКОЙ
ОБЛАСТНОЙ
ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ
ОРГАНИЗАЦИИ

№№17-18
(276-277)

от 29 сентября
2018 года

сенің әлемің

Шәкірттер сағынышы...

*Қыркүйек қуанышты бүгін халық
Өссін деп балалары білім дарып,
Анамменен мектепке келе жаттым
Ұстазға арнап раушан гүлімді алып.*

*Санамның қазына іздеп қауғасына
Мектептің келдік кіріп ауласына,
Қарсы алды күлімдеген мұғалімім
Жүрексініп мен бардым дәл қасына.*

*Сол күннен жетілдірдің білімімді
Кешірдің тентек мінез қылығымды
Ойға алып қайта-қайта сағынамын
Алғашқы ұстазым мен сыныбымды.*

*Жанын салған алдағы дарын үшін,
Ерек пен Қағанаттың қалыбысың
Мен сіздерге жеткізіп тұрмын бүгін
Өлеңменен шәкірттер сағынышын!*

*Сәулет Нұршапағат,
Ы. Алтынсарин атындағы дарынды балаларға
арналған облыстық қазақ гимназия-интернатының
7 «б» сынып оқушысы*





Вперед к победе!

16 - 19 сентября в г. Астана прошла II Республиканская спартакиада «Жұлдызай», организатором которой является корпоративный фонд «VI-Жұлдызай». Миссия фонда: «Объединяя усилия людей, дарить возможности «особенным» детям обрести веру в себя и идти от надежды к результату»

Я, Бакиев Данил, воспитанник Песчанской специальной общеобразовательной школы-интернат №2, под руководством учителя физкультуры Овцынова В.В., принял участие в спортивных соревнованиях по легкой атлетике, где наша команда добилась высоких результатов.

На дистанции «Бег 50 м» - я и Крышина В. заняли 1 место,

а Митрофанова К. – 2 место. В «Эстафете 4x50м мы заняли - 1 место. Наша команда была награждена за победу в эстафете кубком, а за индивидуальный забег – дипломами и медалями.

В течение трех дней мы проживали в комфортабельной гостинице «Данияр», совершили экскурсию в музей, побывали на футбольном матче местной команды.

В подарок всем нам вручили толстовки, футболки, кепки, рюкзаки и термокружку с логотипами «Жұлдызай».

Мы с ребятами в полном восторге от этой поездки и благодарим организаторов спартакиады за теплый прием и положительные эмоции.



**Бакиев Данил, 7 класс,
Песчанская специальная общеобразовательная
школа интернат - №2 для детей сирот, и детей оставшихся
без попечения родителей.**

Право на мир

21 сентября отмечается Международный день мира. Этот день провозглашен как день отказа от насилия и прекращения огня во всем мире. Этот день предусматривает отказ от ведения боевых действий во всех горячих точ-



ках планеты. «Международный день мира был учрежден генеральной ассамблеей Организации Объединенных наций в 1981 г.

В Константиновской СОШ прошла торжественная линейка, посвященная этому дню. Петрова Елена Викторовна, учитель истории, рассказала ребятам, когда и где впервые отмечался этот день.

В беседе штаб квартире ООН в Нью-Йорке проводится церемония у «Колокола МИРА» и генеральный секретарь призывает всех отказаться от войны. На ко-

локоле вылита надпись «Да здравствует мир во всем мире». Звон колокола - это напоминание людям, что самое ценное ЖИЗНЬ. Дети, взявшись за руки, слушали звон колокола и стук своего сердца, загадали желание, чтобы нас не кос-

нулась война. Право на мир и жизнь имеют все. Прозвучали стихи и песня «Солнечный круг». Подведены итоги конкурсов сочинений и рисунков о мире. Дети 4 класса из ладошек сложили солнышко – символ счастья, света, теплоты. Восьмиклассники провели Международную панораму о Декларации. Политинформация нужна,

мы должны знать, что происходит вокруг нашего мирного государства. Да, Казахстан мирная страна и призывает всех жить мирно и дружно.

Будущее любого народа, государства зависит от сегодняшнего дня. Дети - настоящее и будущее планеты.

Мы – голосуем за мир!

**Г. Белоцерковец
Константиновская СОШ
Успенский р.
Павлодарская обл.**

Любовью согретые сердца



Ежегодно доброй, хорошей традицией в нашей школе стало проведение Республиканской акции «Дорога в школу». Акция направлена на оказание помощи многодетным и малообеспеченным семьям, которые испытывают материальные трудности в подготовке к учебному году.

В этом учебном году уже была оказана спонсорская помощь учащимся из малообеспеченных и многодетных семей. Хочется выразить огромную благодарность нашим меценатам: главе КХ «Щербак», главе КХ «Жакупов», главе КХ «Шаров», акиму Берегового с/о Куланбаеву Р.К, а также педагогическому коллективу Береговой СОШ. Примите искреннюю признательность за неравнодушное

отношение к детям. Надеемся на дальнейшее сотрудничество и взаимопонимание. От всей души желаем Вам крепкого здоровья, благополучия и успехов.

Ребятам вручили школьные принадлежности. Лица ребят светились радостью, им важно, что их любят и заботятся о них. А как же иначе? Ведь дети это самое дорогое, это наше будущее. Мы учим детей, даем знания, но не должны забывать, что дети, видя милосердие и заботу о них, сами в будущем станут добрее. Пусть эта забота о детях станет маленькой каплей в большом море доброты и счастья.

**Ерескенова А.Ж.,
заместитель директора по ВР
Береговой СОШ
района Теренколь**

«Дорога в школу начинается с добра!»



С 1 августа стартовала общереспубликанская акция «Дорога в школу».

В целях предупреждения и профилактики детской безнадзорности и беспризорности, выявления детей, уклоняющихся от обучения, организациями образования совместно с сотрудниками правоохранительных органов проведены рейды в ночное время.

Кроме того, организовано посещение неблагополучных семей.

Ведется работа по привлечению спонсоров, государ-

ственных структур к оказанию благотворительной помощи.

На сегодняшний день материальную помощь получили 23 учащихся на общую сумму более 240 тыс. тенге.

Оказание материальной помощи детям из малообеспеченных семей, детям, оставшихся без попечения родителей в рамках акции «Дорога в школу» продолжается.

**ЗДВР Северной школы
Иртышского района
А.А. Абигузин**



№№17-18
(276-277)

от 29 сентября
2018 года

Вот и пришла осенняя пора!

Первого октября все отмечают день пожилого человека. Отмечают его во многих странах. В этот день уделяют особое внимание пожилым людям: поздравляют, устраивают концерты, дарят цветы и подарки, помогают по дому. Мы говорим всем бабушкам и дедушкам, как сильно мы их любим и всегда помним о них.

У меня есть старенькая прабабушка, её зовут Людмила и ей 85 лет. 1 октября мы с родителями поедem к ней в гости, чтобы поздравить с днём пожилого человека. Я нарисую ей открытку и подарю цветы.

Люди должны помнить, что старшим нужно помогать и уважать их. Почаще звоните и навещайте своих бабушек и дедушек!

Дмитрий Белов,
1 «а» класс,
СОПШДО №17

День пожилого человека

1 октября в Казахстане отмечают День пожилого человека. Это добрый и светлый праздник всех пожилых людей. Все мы любим своих бабушек и дедушек, стараемся им помогать во всем, оберегать и защищать, но внимания и помощи ждут не только родные. Мы не должны забывать об одиноких пожилых людях. Проявлять сочувствие, уважение и заботу к чужому человеку также

важно, как заботиться о своих близких. Мы должны быть опорой для них, обязаны уважать их возраст и ценить опыт.

Хочу пожелать всем людям старшего поколения здоровья, достатка, благополучия, взаимопонимания в семье. Пусть невзгоды и болезни обходят их стороной.

Валерия Бобылева 1 «А»
класс СОПШДО №17

Этот добрый и светлый день пожилых....

**Люди пожилые,
Сердцем молодые.
Сколько повидали
Вы путей – дорог.
Горячо любили,
И детей растили,
И надеждой жили ...
Меньше бы тревог...**

Ежегодно 1 октября наша страна отмечает День пожилых людей. Праздник этот добрый и светлый. В Казахстане традиция почитания старших, воспитание в молодежи глубокого уважения к ним уходит глубоко корнями в прошлое.

Пожилые люди заслуживают почитания за свою мудрость, опыт и умения, которые связывают прошлое и будущее Казахстана. Это наши бабушки и дедушки, которые в молодости трудились на

благо нашей Родины, растили наших мам и пап умными, добрыми, трудолюбивыми. А теперь они рядом с нами – внуками. Помогают нам в учебе, пекут самые вкусные пироги и блинчики, гуляют и играют с нами, учат нас быть достойными людьми своей Родины.

Я хочу, чтобы все пожилые люди ни в чем не нуждались, чтобы не было Домов престарелых, чтобы каждый пожилой человек жил в кругу родных в тепле и был окружен заботой.

Желаю, чтобы они жили долго и счастливо. Пусть этот праздник добра, заботы, внимания, уважения был не один день, а длился круглый год!

Лиза Ожиганова,
ученица 3 «В» класса
СОПШДО № 17



Дорогие для меня люди!

По всей стране отмечают День пожилого человека. Организации, предприятия приглашают своих ветеранов, устраивают праздничные концерты, накрывают дастархан. И думаю, это хорошая традиция – не забывать пожилых людей, хоть чуточку обратить на них внимание.

«Летят годы, за ними не угнаться, стареем мы...» - часто говорят мои бабушка и дедушка. Дорогие мои дедуля и бабулечка, вы наша гордость, вы пример для подражания и для меня, и для всех. Спасибо Вам за все – терпение,

стойкость в трудные минуты, мудрость и теплоту, исходящую от ваших сердец. Как мне приятно бывать у вас дома! Пить чай с вкусными бабушкиными блинчиками и говорить обо всем.

Дорогие мои дедушка и бабушка, оставайтесь всегда такими ласковыми, добрыми, чуткими. Живите долго и радуйте нас, а мы будем стараться не огорчать Вас, радовать Вас своими успехами. С праздником, дорогие мои!

Ксения Петрова,
3 «В» класс СОШ №17



Моя бабуля

У меня есть бабушка. Ее зовут Майра. Я ее очень люблю, хотя вижу очень редко, потому что она живет в России. Каждое лето я с семьей еду к ней в гости. Она радостно нас встречает.

Бабуля готовит мне разные вкусняшки и покупает красивые вещи. Она меня балует, потому что очень любит. Моя бабушка уже очень старенькая и на лице у нее морщинки, но все равно очень красивая!

Акылбеков Мейрамбек,
2 «Е» класс, СОПШДО №17





№17-18

(276-277)

от 29 сентября
2018 года

**Е л б а с ы м ы з
Н.Ә.Назарбаевтың
Ж ар л ы ғ ы м е н
б е к і т і л г е н Қ а з а қ с т а н
О т б а с ы к ү н і н м е р е к е -
л е у ш е ң б е р і н д е 2018
ж ы л ғ ы 6-14 қ ы р к ү й е к
а р а л ы ғ ы н д а «О т б а с ы
– б а қ ы т м е к е н » а т т ы
р е с п у б л и к а л ы қ а п т а
ө т к і з у ж о с п а р л а н д ы .**

Аталған шараның маңыздылығын ескере отырып, мектепшілік «Отбасы-бақыт мекені» тақырыбымен іс-шаралар

алдындағы маңыздылығы мен ролін жеткізу мақсатында 8-9 қыркүйек күндері 1,10-11 сынып оқушыларының ата-аналарына арналған «XXI ғасырдағы Қазақстандық ата-ана:

Өз балаң үлгі бол!» тақырыбында республикалық конференция өткізілді. Конференцияға АББ-нің әдіскерлер кабинетінің меңгерушісі А.Т.Каримова, «Туған өлке» газетінің бас редакторы М.Мұхаметұлы және ІІБ-нен БҚҚ инспекторы А.С.Склярова және барлық ата-аналар қатысты. Ата-аналар мен



бала-моб биі, 1-11 сыныптар арасында

«Менің отбасым», «Ата-ананы құрметтеу –әрбір адамның қасиетті борышы» тақырыптарында сынып сағаттары және

«Мен өз отбасымды мақтан етімін» тақырыбымен фото-коллаж галереясы ұйымдастырылды. Фото-коллаж галереясы 5-7 сыныптар берілген тапсырма болатын, бұл ретте ата-аналар мен балалардың белсенділігімен 5-сынып ерекшеленді, сынып жетекшісі Д.М.Кубенова.

5-сынып оқушыларының бейімделу кезеңінің тұлғалары екенін ескерсек, өте белсенді, шығармашыл балалар екенін байқадық, оның дәлелі фото-коллаж жұмысы түрлі бағытта бол-

ды, ерекшелігі «Менің отбасым» генелогиялық ағашы, кереметтей ізденіспен жасалған.

Орта буын оқушыларының көрікті галереясын көрген бастауыш сынып оқушылары мен жоғары сынып оқушылары да, сынып сағаттарына өз отбасыларының фото-коллажын жасап әкелді.

Балаланы ата-ананы, үлкендерді құрметтеуге, мейірімділікке тәрбиелеу мақсатында үй тапсырмасы ретінде шығарма, өлең жазу берілген болатын, шығармалардың үздіктері таңдалып, олардың ішінде 4 «А» сынып оқушысы Иманұлы А., 4 «Б» сынып оқушылары Қанапия М., Муратова Г., Ибраева Ж.айтуға болады. Апталық бойынша жоспарланға іс-шаралар өз мақсатына жетті.

**С.Сеулханова
Железин №3 ЖББ орта мектеп
ДТІЖ орынбасары**



жоспары құрылып, жүзеге асырылды.

Отбасының қоғам

ларды әртүрлі іс-шараларға тарту жоспарымен 1-4 сыныптар арасында « Анам және Мен» флеш-

шығармашыл балалар екенін байқадық, оның дәлелі фото-коллаж жұмысы түрлі бағытта бол-

Еңбек түбі – береке

Мұхтар Әуезов атындағы №42 орта мектебінде жазғы демалыс кезінде оқушыларды жұмыспен қамтамасыздандыру толығымен атқарылды. Жоғарғы сынып оқушыларының еңбек жасағы екі маусымнан құралды. Әр маусымда 9 оқушы және 1 жетекші болды. Бірінші маусым жетекшісі қазақ тілі және әдебиет пәні мұғалімі А. Кусаинова, ал екінші маусым жетекшісі жағрафия пәнінің мұғалімі С. Тулебаева. Еңбек жасағының мақсаты оқушыларды тазалықты сақтауға

үйрету, еңбекке баулу, Отан, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін арттыру.

Оқушылар Усолка шағын ауданында орналасқан Н. Ә. Назарбаев алаңын тазалап, арам шөп жұлып, ағаштар отырғызды. Олар өз міндеттерін жоғары деңгейде орындап, нағыз еңбекқор балалар екендіктерін дәлелдеді.

**А. Кусаинова
қазақ тілі және әдебиет
мұғалімі
М. Әуезов ат. №42 орта
мектеп,**

Ұстаз- ұлағатты есім

Мектеп табалдырығын атаған сәттен бастап-ақ қолына қалам ұстатып, білім әлеміне есік ашқан абзал жандар – ол ұстаздар. Ұстаздық - өте ауыр қызмет. Алдында отырған шәкірттерін өмір белестеріне жетелеу - қиынның қиыны деп ойлаймын.

Бұл мақалада мен сауатымды ашып, білім мен тәрбиені ұштастыра отырып өмірге деген көзқарасымды қалыптастырған, дұрыс жолға үнемі бағыт-бағдар беріп отыратын №25 мектебінің ұстаздарына алғысымды жазғым келеді.

Егер де 10 жыл бұрын мектепке келген, болашағына қатысты түк түсінігі жоқ бала қыздан қазіргі білімге құштар, өмірге деген көзқарасы өзгерген шәкіртке айналсам, ол тек ұстаздарымның арқасы деп

білемін. Д.И. Менделеев: «Мұғалім ең жауапты міндет орындайды, ол адамды қалыптастырады», - деген екен. №25 ЖОМ-нің мұғалімдерінің оқушы өмірі үшін жасап жатқан еңбектері ұлағайыр. Әр ұстаздың заман талабына сай беретін сабақтары, үлгі мен өнегеге толы тәрбие сағаттары еліміздің ертеңі болар толыққанды болашақ ұрпақтың келешекке нұсқар айқын бағыт-бағдары. Алдында тәрбиеленіп отырған шәкірттерін қалалық, облыстық, республикалық, халықаралық деңгейлердегі білім додасында жүлделі орындарға дайындап жүрген ұстаздарымды кәсіби мерекелерімен құттықтаймын! Алар асулары мен жемісті жетістіктері көп болсын!

**Аида Турғунбаева №25 ЖОМ,
10-сынып оқушысы**

Тілдер мерекесі



18 қыркүйек күні Май Аудандық Оқушылар үйінің ұстаздары мен тәрбиеленушілерінің ұйымдастыруымен «Тілдер мерекесі» аталып өтті. Бұлбұлдай дауысты әншілер ән шырқап, мың бұралған қыздарымыз би билеп баршамызды қуантты. Тіл – таусылмайтын байлық. Қанша тіл білсең, өзгеден

сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмақшы емес, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі.

Тіл әрбір адамға ана сүтімен бірге еніп, қалыптасады. 1998 жылы 20 қаңтарда елбасымыз Н.Ә. Назарбаев Республика халықтарының ұлттық байлығы – Тілді қорғау мақсатымен 22 қыркүйекті «Қазақстан халықтарының тілдері күні» деп жариялаған еді.

Май Аудандық Оқушылар үйі

Акция жалғасуда

1 тамыз – 30 қыркүйек аралығын қамтитын республикалық «Мектепке жол» акциясы жалғасуда. Күнкөріс төмен отбасыларда тәрбиеленіп жатқан балаларды қолдауға бағытталған акцияның көздегені – әлеуметтік жағдайлар салдарынан 1 қыркүйекте мектепке баруға мүмкіндігі жоқ балаларды сабаққа дайындау.

Акция жұмысына Максим Горький ЖОББ мектептің ұжымы, Иса Байзақов ауылдық округінің әкімшілігі, кәсіпкерлер қызу кірісті. Шараның өз деңгейінде ұйымдастырып өткізу үшін іс-шаралар жоспары әзірленіп,

ұйымдастыру комитеті құрылды.

Акция аясындағы шаралар жоспарында мектепке дайындығы жоқ балалар жайлы мәліметтер құрастыру да қарастырылған. Мектеп әкімшілігі жеке меншік басшыларына көмекке мұқтаж балаларға қолдау сұрап хат жазды. Нәтижесінде 3 жеке кәсіпкер 6 балаға 53000 теңгеге көмек көрсетті.

«МЕКТЕПКЕ ЖОЛ» акциясы жалғасуда. Жүрегі халқым деп соғатын демеушілерді күтеміз, көппен көтерген жүк жеңіл.

**Г.Шопанова,
Ертіс ауданы
М.Горький ЖОББМ**



№№17-18
(276-277)

от 29 сентября
2018 года



Учительская профессия – самая древняя и существует столько веков и тысячелетий и в настоящее время мир меняется, то и атрибут к слову «учитель» наполняется все новым и новым содержанием.

Поделюсь тем, как видится мне личность такого учителя.

Во-первых, она должна быть адекватна той личности ученика, которую он создает, творит всеми отпущенными ему средствами и рычагами воздействия: уроками, беседами, собственным жизненным опытом. Если, например, наш выпускник школы владеет информационной культурой и функциональной грамотностью, то учитель должен быть на две головы выше – не только решать компетентностно ориентированные задания, но и

составлять их, формулировать проблему, владеть искусством воплощать идею в дело и передавать это своим ученикам.

Во-вторых, нет учителя, если он не умеет проектировать, организовать, исследовать, то есть если он сам не владеет главными профессиональными компетенциями.

В-третьих, современный учитель – это, прежде всего, Человек с большой буквы, человек, умеющий спрашивать сначала с себя, а потом с других, в том числе учеников. Он свято следует мудрым советам своих коллег прошлого и настоящего. Вот они:

- не назидай, а помогай;
- не высмеивай, а смейся, прибегая к юмору;
- не «маркируй», а давай шанс выпрямиться;
- не злорадствуй, а соперничай;
- не только задавай, но и участвуй в выполнении заданий.

В-четвертых, профессия современного учителя – самая многомерная, универсальная, это даже не три, а десять в одном. Он – и психолог, и дидакт, и менеджер, и художник-культуролог, и политик, и пропагандист, и затейник и многое

еще другое, что он должен уметь, проживая жизнь вместе с детьми. На этом стою и я, современный учитель физики.

Не могу не назвать и пятый компонент («в-пятых»), которым характеризуется современный учитель и начинается, и завершается. Это его мировоззрение, патриотизм, верность идеалам народа и государства, которое открыло ему дорогу к любимому делу, одарило возможностью творить и созидать новое поколение.

Ни для кого не секрет, что сегодня идет повсеместное обсуждение исторических государственных документов. От школы, и от каждого учителя требуется не только давать знания детям, но и с помощью этих знаний готовить к выполнению задач, поставленных перед образованием: учить анализировать ситуации, принимать решения, работать с информацией и вести коммуникацию на разных уровнях и т.д.

У меня три секрета, которыми я пользуюсь в повседневной педагогической работе и которыми хочу поделиться с коллегами. Соблюдение их обязательно обеспечит успех.

Секрет 1. Научитесь мыслить

«сверху вниз», т.е. отталкиваться в своём обдумывании и в своих поступках от слоганов тех государственных материалов, которые выражают сущности наших действий и планов. Научитесь сжимать информацию.

Секрет 2. Не растрачивайте свободного от работы времени, направьте его на самостроительство своей собственной личности учителя-профессионала. Работайте с информацией, рискуйте, ищите себя в коммуникациях, умеете и показать себя и свою работу.

Секрет 3. Не оставляйте своих увлечений, наоборот, — ищите, развивайте своё «ХОББИ», которое можете использовать в качестве главного воздействующего средства на своих учеников, на класс, на новое поколение детей. Это могут быть самые различные увлечения: наука (эксперимент), поделки, спорт, художественная самодеятельность, искусство, благотворительность, волонтерство, туризм, коллекционерство, корреспондентская деятельность, юмор.


Анатолий Билида,
учитель физики лицея № 8
города Павлодара

ИДУЩИЙ В НОГУ СО ВРЕМЕНЕМ...

«Самым важным явлением в школе, самым поучительным предметом, самым живым примером для ученика является сам учитель», - говорил А.Дистервен. А каким должен быть современный учитель?

Образованным, умным, толерантным... А еще он должен быть человеком, идущим в ногу со временем, мобильным, ищущим; человеком, способным научить своих подопечных адаптироваться в жизни. Современная система образования представляет массу интересных и новых возможностей для подрастающего поколения. Совсем недавно в школах появились курсы робототехники, позволяющие ребятам развивать навыки моделирования, логическое и системное мышление и даже творческие способности.

Третий год в средней образовательной профильной школе № 11 модульного типа города Павлодара курс робототехники преподает



Садыков Рустам Талгатбекович – учитель, которого по праву можно назвать идущим в ногу со временем. А иначе как увлечь школьников интересным, но кропотливым,

а подчас и трудным делом? Только увлечся им самому.

Рустам Талгатбекович – соавтор методических пособий «Рабочая тетрадь по информатике для учеников 5 и 6 классов», участник республиканской дистанционной олимпиады учителей по информатике. Его ученики – призёры Республиканской дистанционной олимпиады школьников по информатике, международной игры-конкурса по информатике и компьютерному мышлению. В прошлом году пятиклассники Малых Артём и Сыздыкова Айнара стали призёрами областного и республиканского чемпионатов по робототехнике, создав под руководством своего педагога робота, облегчающего жизнь: он способен утром

приготовить оладьи, а значит, сэкономить человеку время.

Это не первое достижение ребят и Рустама Талгатбековича. В январе 2018 года они приняли участие в областной выставке робототехники «Мы из будущего», где представили самостоятельно разработанную и созданную «Парковку будущего» - многоуровневую, экономичную придворную территорию, приносящую городу дополнительный доход. Эта работа получила высокую оценку жюри и была отмечена дипломом «За лучший дизайн». Поистине, верны слова В.О. Ключевского: «Чтобы быть хорошим преподавателем, нужно любить то, что преподаешь, и любить тех, кому преподаешь». Только учитель, увлеченный делами своих учеников, может достигать больших высот и всегда идти в ногу со временем.

Брюховец О.Л.,
руководитель пресс-центра
СОПШМТ № 11

УЧИТЕЛЯМИ СЛАВИТСЯ СТРАНА

Школа - это не только учеба, но и настоящая дружба. Дружба взрослых и детей. Учителя проводят много времени с детьми, порой забывая о своих личных делах и задерживаясь после уроков в школе. Им так много надо успеть, чтобы дети росли счастливыми и достойными людьми!

В Константиновской школе 23 года, всю свою педагогическую жизнь, преподаёт казахский язык и литературу Сакауб Молдыр Темешевна. Она имеет от природы такт, доброту, терпение, чуткость, ум, душевность, отзывчивость и еще множество человеческих качеств. Как же нам повезло, что наши дети учатся у такого преподавателя. Только такой Учитель, как Молдыр Темешевна - учитель с большой буквы, может это сделать! Порою ученики неуправляемы, но она с блеском справляется с этим и помогает своими мудрыми советами. Молдыр Темешевна преподносит не только уроки знания, но и жизни,

а этому не научит ни один учебник. Большинство стремится быть похожими на неё.

Коллектив уважает и любит Молдыр Темешевну. Она всегда готова прийти на выручку, мило улыбнётся, поделится планами, разъяснит, какие нововведения в школьной программе ждут наших детей. И обязательно успокоит: «Мы со всем справимся. У нас умные и очень способные дети». Продолжает внедрение инновационных методик, что даёт отличные результаты ЕНТ, умеет не только дать крепкие знания, но и привить интерес к учебе, родному языку, сформировать активную жизненную позицию.

Молдыр Темешевна уже достигла больших профессиональных высот. Имеет высшую квалификационную категорию, награждена многочисленными грамотами акимата Равнопольского сельского округа, районного и областного отделов образования, эксперт по

качеству образования. Занимается переводческой деятельностью, что стимулирует её в работе над собой в ритме делопроизводства. Победитель районных и областных олимпиад и конкурсов. Её ребята участники и призёры международных, республиканских и областных конкурсов и олимпиад.

Работа всегда была смыслом её жизни, дети Ажар и Мират пошли по её стопам и тоже стали успешными преподавателями.

Здоровья Вам и радости, благо-



получая и творческих успехов.

Учить детей - что лучше может быть.

Г. Белоцерковец,
Павлодарская обл.
Успенский р.
Константиновская СОШ



№35 жалпы орта білім беру мектебінің оқушылары жыр арнайды

Мұғалімдер – өмірдің жыр дастаны

Мұғалімдер – өмірдің жыр дастаны,
Мұғалімдер – тұнық білім бастауы,
Мұғалімдер – адалдықтың аспаны,
Мұғалімдер – адамдықтың асқары.

Мұғалімнің әр лебізі дуалы,
Оқушының белін бекем буады.
Мұғалімнің төрде құрмет тұрағы
Мұғалімдер – нұрлы күннің шуағы.

Ізбасарың білім алып тынығар,
Шыңға шығып, білімменен
шынығар.
Ұстаздықтың таяғында тығылған
Ыбырайдың өшпейтұғын сыры бар.

Ұстазым деп ұлар көктем көшкен
жыр,
Біздер едік сендер баптап өскен
гүл.
Ұстазыма қарызбын деп өткен ғой
Жарты әлемді билеп кеткен
Ескендір.

Елге арнаған бар саналы ғұмырын,
Алтын тарих төмендемес
тұғырын.

Ұлағатты ұстаздарым жасасын
Мәңгілікке ұмыттырмас ұғымын!

**Оразбай Марлен,
11 сынып Ы. Алтынсарин
атындағы дарынды балаларға
арналған облыстық қазақ
гимназия-интернаты**

Әрдайым оқушыға жаны жақын.
Сәл көрмесе шәкіртін сағынатын.
Ұстаз деген керемет халық қой,
Балаға білім беріп танылатын.
Тоғыз ай бойы ұрысып алып,
Үш айлық демалыста сағынатын.
Оқушының жетістігіне қуанып,
Керісінше қайғысына қамығатын.
Оқушысы өз баласынан артық болып,
Солар үшін уайымға салынатын.
Ұстаздар жаны нәзік адамдар ғой,
Бойынан бар махаббат табылатын

**Айдана Жанабаева,
6 «ә» сыныбы**



Ұстаздарға мың алғыс

Аштыңыз көзін бұлақтың,
Жағаңыздағы құрақпын,
Таптым сіздер арқылы,
Жауабын сан сұрақтың.

Рахмет Сіздерге ұстазым!
Сіздермен өтті қыс-жазым.
Тәрбие-тәлім барлығын.
Өзіңізден ұстадым.

Дұрыс жолға түссе деп,
Берген білім біздерге.
Бас иіп тағзым етеміз,
Алғысымыз шексіз сіздерге.

**Жапаров Әбілмансұр
№12 ЖОМ
Қ.Бекқожин атындағы
9 «а» гимназия сыныбы**


Кім боламын деп жүрген талапкердің
Бойына дарын менен талап бердің
№35-тің мүмкіндігі мол еді ғой.
Ол туралы айтуға жарап келдім.

Шәкіртке бар білгенін аямаған,
Өзінің баласындай аялаған.
Біздерге қамқоршы болып жүретін,
Ұстаздар сол баяғы аяулы адам.

Оқушының айқындап қадамын нық.
Шығарған мына бізді саналы қып.
Қоғамда өздік орын табады деп,
Шығарған бізді қоғам адамы қып.

Жарты ғасыр тарихы жеткен
уақыт.
Мен осында оқимын неткен бақыт.
Оқып жүрген баланың арманы жоқ,
Осылайша бұл қызың төккен ша-
быт.

**Алима Кусманова,
6 «ә» сыныбы**



Ұстазға тілек

Есімде балалық шақ балғын күнім,
Алғашқы ұстазыма алған гүлім.
Мейірімді жүзімен тарта білген
Санама сан ғылымнан берді білім.

Ұстаз – ана, ұстаз-актер, ұстаз-
пана
Күліп шығар алдыңнан дара, дана
Абыройың асқақтап арта берсін
Тілегі шәкірттің сізге ғана!

**Тина Алтынбекова,
9 «а» сынып
№2 ЖОМ**



Қ.Бекқожин атындағы №12 жалпы орта білім беру мектебінің барлық ұстаздарын төл мерекелері, ұстаздар күнімен құттықтай отырып, қажырлы еңбектерінің еленіп жемісті болуын, отбасыларына бақ-береке, бақыттарының баянды болып, ұзақ ғұмыр кешулерін тілейміз. Біз, сіздерді жақсы көреміз! Мыңда бір алғыс СІЗДЕРГЕ!

Ұстаз ұлағаты

Ұстаздар ұлағаты ұлық неткен,
Сәлем шашып тұрады тұнық көктем.
Балапандай балаға үміт сыйлап
Қанаты қатайғанша білікті еткен.

Шәкірт сыры шайырдың қаламында,
Сырың жатыр тарихтың алабында.
Таусытып көз майыңды қанша үңілдім
Сарқылмас сыр тұңғандай жанарыңда.

Жарқ етіп жарқын өмір жаң арыңнан,
Жалт етіп мен түсемін сабағыңнан.
Білімнің теңізіне сәуле шашпақ
Мұң көріп балаң шәкірт қабағыңнан.

Өмірдің арнасында толқын аққан,
Сол толқын келе жатыр өзің жақтан.
Толқын түгіл дауылың тұрсадағы
Шырағдан өше қоймас өзің жаққан.

**Гүлнар Жанболат,
11 сынып Ы. Алтынсарин атындағы
дарынды балаларға
арналған облыстық
қазақ гимназия-интернаты**

Атам мен әжем

Менің атам мен әжем Ақтоғай ауылында тұрады. Жазғы демалыста ата-әжеме барып демалғанды ұнатамын. Биыл демалыс ерекше болды. Өйткені ата-әжемнің барлық немере-жиендері жиналдық. Міне, қызық деген осы! Ауылға барған күні атам бізге арнап қой сойды. Апам ет асып, бешбармақ пісірді. Кешке барлығымыз өрістен келген малды қораға қамап, дастархан басына жиналды. Ас дайын болды. Атам бізге ет турап, Дінмұхамед екеуімізге қойдың құлағын беріп:

- Құлақтарың жақсы сөз естісін, көп тыңдасың, - деді. Біз мез бо-

лып құлақты жеп алдық. Ата-әжем бізге көп қызықты әңгімелер айтып, немере-жиендер бір-біріне қалай туыс екенімізді түсіндіріп берді. Дінмұхамед маған жиен, мен оғаннағашы болдым. Ата-әжемізге көмектесіп, ойнап жүргенде екі аптаның тез өтіп кеткенін білмей қалдық. Ата-әжеізге көмектесек те, бір жағынан шаршатқан да шығармыз. Ата-әжемізді қимай біз үйімізге кеттік. Ата-әжеміздің бары қандай жақсы! Келесі демалысты асыға күтерміз енді!

**Иманұлы Алдияр
4 «а» сынып оқушысы
Железин №3 ЖОМ**

Менің отбасым

Мен отбасымды өте жақсы көремін. Енің отбасымда бес адам бар. Олар: Анам, Әкем, сіңілім, інім және мен. Мен үйдің үлкенімін. Олар мені жақсы көреді. Мен анама ыдыс жууды, үй жинауды көмектесемін. Менің сіңілім 1-сыныпта оқиды. Мен оған үй тапсырмасын жасауға көмектесемін.

Демалыс күндері інім, сіңілім және мен ата-әжемнің үйіне қонаққа барамыз. Біз Ата мен Әжені жақсы көреміз. Олардың бізге деген сүйіспеншілігі шексіз.

**Муратова Гюзаль,
Железин №3 ЖББ орта мектеп
4«б» сынып оқушысы**

Отан - отбасыдан басталады

Отан отбасыдан басталады, өйткені әр адамның қалыптасуы отбасыдан басталады. Отанға деген ыстық сезім жақындарына, туған-туысқандарына деген сүйіспеншіліктен басталады. Сол себепті де, біз «Отбасы - Отанның кішкентай бір бөлігі» деп атаймыз. Өз отбасың, өз үйің әрқашан жылу тартады. Жеке адамның

бойындағы ар-ұятың, ақыл-ойың, адамгершілігің тәрбелеуіндегі алғашқы қадам. Не болса да, Отанның бір бөлшегі-отбасыңа өштеңе де жетпейді. Өйткені отбасы, бұл әр адамға сыйлаған кереметі. Соны мәңгі сақтау керек.

**Жанель Ибраева
Железин №3 ЖББ орта мектеп
4«б» сынып оқушысы**



№№17-18

(276-277)

от 29 сентября
2018 года

«Жақсы ұстаз – мектептің жүрегі», - деген Ыбырай Алтынсарин атамыз. Қай заманда болсын шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие мен жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Сондықтан өз мамандығына жан жүрегі мен берілген ұстаз шәкірттер үшін әрдайым үлгі тұтар тұлға, нағыз идеал ретінде есептеледі. Менің қызым үшін осындай жан – тәрбие беріп, білім нәрімен сұсындатқан алғаш ұстазы Жанат Қамысбайқызы Әбілдинова.

Дарынды балаларға арналған Абай атындағы №10 лицей-мектебінің табалдырығын аттаған, алғаш партаға отырған кезінен бастап, балапандарымызға қалам ұстатып, әліппе үйреткен Жанат апайы, оларды бірден-ақ өзіне баурап алды. Өте мейрімді жан, тамаша психолог әр баланың жүрегіне жол таба білді. Талабы жоғары болса да, балаларға дауысын көтермей, сабырлы да салмақты көркем мінезімен шәкірттерін биікке жетеледі. Сондықтан болар, балаларымыз тек қана алға талпынып, жақсы нәтижелерге қол жеткізді.

Жанат Қамысбайқызы –

жаңашыл, қашанда тынымсыз ізденісте жүрген ұстаз, өз ісінің білгір маманы. Оқу үрдісін әрбір оқушының жеке ерекшеліктерін, ынтасын, бейімділігін, оқу мен еңбекке ұқыптылығын ескере отырып, жүргізеді. Әрине, бұл мақсатқа жетуде ұстаздың терең білімін, әдістемелік шеберлігін және жоғары мәдени деңгейін атап өткен жөн. Инновацияларға ұмтылу, өзінен және оқушылардан талап ету, мақсатқа ұмтылу, жауапкершілік, жоғары ұйымдастырушылық қабілеті оны өзгелерден ерекшелендіреді. Оқушылары ұстазынан алатын үлгі - өнеге, тәрбиені қадірлеп, педагогтың әрбір үйреткен сөзін айтып, ерекше құрметтейді.

Ұстаздар күні қарсаңында ата-аналар атынан біздің балаларымыздың сүйікті ұстазы Жанат Қамысбайқызы Әбілдинованы мейрамымен шын жүректен құттықтаймыз. Сүйікті ұстазымызға зор денсаулық, шығармашылық табыс, отбасына амандық тілейміз.

Гүлназ Раздықова,
дарынды балаларға арналған
Абай атындағы №10 лицей-
мектебі
оқушыларының ата-аналары
атынан



Алғыс айтқым келеді

Көптен күткен жазғы каникул да өтті. Оқушылар алтын ұя мектебін сағына жыл құсындай қайта оралды. Жаз айлары оқушылар үшін ең бір қызықты да маңызды кезең екенін бәріміз жақсы білеміз. Бірі ауылда, бірі қала сыртындағы лагерде, ал бірі мектеп жанындағы лагерьде дем алып, денсаулықтарын нығайтып, күш жинап дем алып келді. Айтайын дегенім, биылғы жаз мен үшін өте қызықты өтті. Мен биыл мектеп жанындағы жазғы сауықтыру лагерінде болдым. Лагерьге келген оқушылардың таңы көңілді әуенмен жаттығудан басталды. Оқушылардың қуаныштарында шек жоқ мәре-сәре, күнделікті таным жорықтар, бассейн, әртүрлі ойындар ұйымдастырылды. Осындай іс-шараларда жанымыз-

дан бір елі қалмай біздің сыныптың сынып жетекшісі Сәрсекеева Қарлығаш Қайыртайқызы азамыздай болып, әр жарыс, байқауларда көмекшіміз, жанкүйеріміз болды. Жасы елулерден асып кетсе де, біз не істесек соны істеуге тырысты. Кейде жетекшіміздің қатты шаршағанын көріп, мұғалім шаршадыңыз ба десек, жоқ балалар бәрі жақсы дейді. Қарлығаш Қайыртайқызы біз үшін теңдесі жоқ мұғалім. Осындай мұғалімге қалай алғыс айтпасқа. Сыныбымыздың атынан Қарлығаш Қайыртайқызына алғыс айтамын.

Ахметова Елдана
Қ.Бекқожин атындағы №12
ЖОББМ
3 «а» гимназия
сыныбының оқушысы

Ұстаздық - ұлы құрмет

«Азбайтұғын адамның алтындығы» - деп ақын Ғ.Қайырбеков жырлағандай, сөзі маржан, үні ән ұстаздардың бар болғанын мақтаныш етемін. Әрине, ұстаз жүгі – ауыр жүк. Ұстаздардың әсерлі үнмен, асықпай мәнерлеп сөйлеген сөзінен әрбір оқушыға деген қамқорлықтың, аналық, әкелік сезімнің дана ойдың ыстық лебі есіп тұрғандай. Иә, адамның жан дүниесін түсініп, ренжітпей, қателігін сездіре білу – бұл нағыз шеберлік емес пе?! Осы ұстаздар жайында халқымыздың ұлы батыры Бауыржан Момышұлы «Ұстаздық - ұлы құрмет. Себебі, ұрпақтарды ұстаз тәрбиелейді. Болашақтың басшысын да, данасын да, ғалымын да, еңбекқор егіншісін де, кеншісін де ұстаз өсіреді. Өмірге ұрпақ берген аналарды қандай ардақтасақ, сол

ұрпақты тәрбиелейтін ұстаздарды да сондай ардақтауға міндеттіміз» деген. Бала бойына ата-анадан кейінгі ақыл-ой, адамгершілік, әдептілік, ар-ұят, ұлттық сана-сезімді сіңіруші адам – мұғалім. «Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» - деп Абай атамыз айтқандай, ұстаз еңбегінің қыр-сыры мол, қиын да жауапты, шығармашылық еңбек екендігін баршамыз мойындаймыз. Мұндай мадақтауларды жалғастыра берсек, даналық сөздер тізбегі шексіздікке ұласады. Мерейлі мерекеде дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық, ұзақ өмір, қажымас қайрат, таусылмас бақыт, зор денсаулық, талмас қанат, істеріңізге сәттілік тілейміз.

№38 ЖНМ
әлеуметтік педагог,
А. Бердмурат

Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға...

Адам баласының жүрегінде қадір тұтатын, құрметтейтін екі ұғым бар, оның бірі: ата-анасы, екіншісі: ұстазы. Бар адамзат алғаш әріп танытып, өмірдің қыр-сырын білуге, табиғаттың сан қилы құбылыстарын терең түсінуге үйреткен, адамгершілікке баулыған алғашқы ұстаздарын есінен еш кетірмесі анық. Мен дарынды балаларға арналған Абай атындағы

10 лицей-мектебінде оқимын. Бүгінгі таңда осы атаулы мектепте сабақ беріп жүрген аяулы ұстаздарымызболмысындағы асыл қасиеттерін шәкірттерінің

бойына сіңіртеп, біліммен сусындандырып жүрген тұлғалар.

«Ұстаз болу - өз бақытын аямау, өзгенің бақытын аялау» - деп Ж.Ж. Руссо айтқандай, уақытпен санаспай, балалардың болашағы үшін аянбай тер төккен, еңбек еткен ұлағатты ұстаздарымызды төл мерекелерімен өз атымнан және барлық шәкірттер атынан құттықтаймын. Дендеріңізге саулық, жемісті еңбек тілеймін!

Болат Дінмұхаммед
Дарынды балаларға арналған
Абай атындағы
10 лицей-мектебінің 7 «А»
сынып оқушысы

Менің сүйікті сынып жетекшім

Ұстаздық – еңбегі ешнәрсемен өлшеуге келмейтін, адам бойындағы қасиетті ұғым. Менің алғашқы ұстазым, сынып жетекшім Олжаева Мырзагүл Олжақызының бойынан ұстаздық қасиеттерді жазбай-ақ табуға болады. Мұғалімнің әр сабағы қызықты өтетіні соншалық сабақтың қалай аяқталып қалғанын білмей қаласын.

Мұғалімнің әр сөзін мұқият тыңдай отырып, менде есеп шығаруға деген қызығушылық пайда болғанын өз бойымнан сездім. Мырзагүл Олжақызы шәкірттерінің терең білім алуына аянбай еңбек етіп жүрген жандардың бірі. Сыныпта әрқайсымыз әр түрліміз. Біреуі – біреудің жалғыз, оны көпшілікке үйретіп, екіншісі – тентек, оны

тыйып, ал үшіншісі – момын, оны ортаға жарқылдап сөйлер шешен қылып тәрбиелеу ұстазымыздың батырлығы деп білемін. Мырзагүл Олжақызы есіктен кіргенде жан жылуын бар оқушысына бірдей төгетін мейрімді мұғалім. Біздің сынып жетекшіміз білмегенін жасырып, білгенін асыратын ұстаз. Сыныпта әр оқушыны жанындай жақсы көріп, бізді жүрген жүрісімізден, тұрған тұрысымыз бен қас-қабағымыздан таниды.

Ұстаздар күніне арналған кәсіби мерекеде осындай асыл жанға әлемдегі бар жақсылықты, ана бақытын, ұстаз ұлағатын тілеймін!

Лунара Нұрмағамбет,
№ 33 ЖОББМ-нің
2 «А» сынып оқушысы



№17-18

(276-277)

от 29 сентября
2018 года

Құрметті оқырман қауым, ұлағатты ұстаздар қауымының төл мерекесі алдында біздің «Қаламгер» баспасөз орталығының жас тілшілері Павлодар қаласының №37 жалпы орта білім беру мектебінің директоры Ләйлә Бажқызы Жүсіповамен сұхбаттасып, бұл мектептің тыныс-тіршілігімен танысып, «Орта білім беретін үздік ұйым - 2018» облыстық конкурсының грант иегері аталымы бойынша жеткен жетістіктері туралы біліп қайтты.

Осы білім шаңырағы нешінші жылы құрылды? Мектеп жайлы айтып берсеңіз?

- 2015 жылы 23 желтоқсан күні, қаламыздың Зеленстрой шағын ауданында 1200 орындыққа арналған №37 ЖОББМ ашылды. Мектебіміз тек қана мемлекеттік тілде білім береді, ал оқушылар алғаш рет мектеп табалдырығын 2016 жылдың 9 қаңтарында атады. Бірінші оқу жылында 740 оқушы білім алса, қазіргі таңда 1145 оқушымыз бар.

Қай жылдан бері №37 мектепте басшылық қызметін атқарып келесіз?

- Басшылық қызметімді 2015 жылы 9 қыркүйектен бастадым. Қазір есіме алсам алғаш жұмыс бастағанда мектеп қара топырақ болып жатқан еді. Мектептің есігі де, терезесі де, едені де болған жоқ. Осы мектептің жұмыскерлері, ұстаздар ұжымы барлығымыз бірлесіп мектепті салдық, жудық, құрдық, жиһаздарын жайғастырып, шаңын сұрттік. Бұл мектептің мұғалімдері қаламыздың №4 және №26 мектептерден келген болатын. Ұстаздар қауымы аптаның жеті күні, демалысыз қажырлы жұмыс жасап, әркім өзінің кабинетіне жаңа жиһаз алып, аса зор құлшыныспен, қуаныш сезіммен жұмыстарын бастады.

№ 37 мектеп қала мектептерінің ішінде озық мектептердің бірі. Жуырда ғана ұстаздардың тамыз мөжілісінде «Орта білім беретін үздік ұйым - 2018» атанды. Сол жетістік туралы айтып берсеңіз?

- Әрине, аймағымызда 365 мектеп бар екен. Осы мектептердің ішінде біздің мектеп «Орта білім беретін үздік ұйым - 2018» аталымына қол жеткізді. Павлодар облысының әкімі Болат Бақауовтың қолы қойылған 20741,000 ақшалай сертификатқа

ие болдық. Бұндай жүлдеге жету ол тек қана менің ғана емес, осы мектептің жұмыскерлерінен бастап, ұстаздар қауымының үлкен үлесі, осы кісілердің арқасында. Бұл бір күндік жұмыс емес,



мектебіміздің үш жылдық тарихы бар. Осы аз ғана уақыт ішінде талмай, қажырлы жұмыс жасағандықтан, осындай үлкен табысқа жетіп отырмыз. Аталмыш үлкен жүлдеге ие болдық деп, қолды қусырып отыруға болмайды, болашақта көп жоспар мен мақсаттарымыз бар. Мектебіміз бүгінгі таңда «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында цифрлы мектеп болып аталады. Біздің мектеп пилоттық жобаға енгізілді.

Осы жылдар арасында мектептің оң өзгерісіне тоқталып отырсаңыз, мектептегі жаңа ашылған кабинеттер өте көп, сол туралы білгіміз келеді.

- Біз қазіргі таңда цифрлық режимде жұмыс жасап жатырмыз. Өздеріңіз байқаған шығарсыздар, мектебімізде турнир орнатылған, оқушылар онлайн-режимінде асханадан тамақтана алады. Бұл дегеніміз ата-аналар кешке жақын үйден, ертеңгі күнге баласына тамаққа тапсырыс жасай алады. Мектебімізде қазіргі заманға сай Teacher's офис, ақпараттық-технологиялар кабинеті, «Рухани жаңғыру» кабинеті, IT-сынып, робототехника кабинеті, шахмат үйірмесі тағы да бар. Көштен қалмай ілесіп, заманауи жастарға қажет ететін дүниенің бәрін жасап отырмыз.

Сіз бірнеше жылдан бері мектеп басшы қызметіндесіз, осы жылда ең бір қуанышты күніңізді айтып берсеңіз.

- Мектепте оқу жылы қалай баста-

лады, әрі қарай солай жалғасады. Біздің ең қуанышты күнімізді есіме алсам, ол 2016 жылы осы мектептің алғаш түлектері ұлттық бірыңғай тестілеуден 99,15 пайыз көрсеткішті көрсетті. Ол менің



еңбегім емес, бұндай жетістік –



ұжымның жетістігі. Тағыда бір қуанышты күн Республикалық пәндер олимпиадасынан осы мектептің екі оқушысы қазақстан тарихы және құқық пәндерінен Айдар Айдарханов мен Әдел Құттыбаева екі бірдей жүлдеге ие болды. Біз үш жылдың ішінде осындай жеңіске жетіп жатырмыз. Қала көлемінде төртінші позицияда тұрмыз. Мектепте пән мұғалімдері де өте жақсы, шебер ұстаздар. Мектепте потенциал бар. Бұл жетістіктермен тоқтап қалуға болмайды.

Ұстаз болу сіздің арманыңыз болды ма?

- Мектепте оқып жүрген шағымда ұстаз боламын деп армандаған емеспін. Ұстаздық жолға түсуімен

себепкер болған - Әкем. Сол кісі маған бағыт-бағдар берді.

Осы мектепке алғаш келгенде қандай көңілде болдыңыз?

- «Көз қорқақ, қол батыр» - дейді ғой. Бұл мектепке мен алғаш келген сәтте қорқып кірген болатынмын. Әйнек, терезесі жоқ, жаңа ғана салынып жатқан мектеп. Жалғыз адамның ісі өңбейді ғой. Мен өзімнің ұстаздар ұжымына, мектеп директорының орынбасарларына алғысым шексіз. Мен өзімнің ұстаздар ұжыммен мақтанамын. Бір ауыздан бір-бірімізді түсінеміз. Олар мені керемет қолдайды, қорғайды, соңымнан ерген көмекшілерім.

Алда келе жатқан ұстаздардың төл мерекесі сіз үшін қандай күн?

- Әрине, 1 қыркүйек білім күнінде және Ұстаздар күнінде адамның кеудесінде керемет шаттық, мақтаныш, қуаныш сезімдері кернейді. Осы оқушылардың, ата-аналардың, қоғамның пейіліне қарап, көңіліміз толып жатады. Кез келген мұғалімнің арқасынан қағып, «сен жарайсың!»,- деп айтсаң, төбелері көкке бір елі жетпей қалады. Ұстаздарды үнемі ынталандырып, құлшыныстарын арт-

тырып отыру керек.

Жақсы мектеп басшысы атану үшін, не істеу керек?

- Мен өзімді әлі жақсы басшы деп айта алмаймын. Үш жылдық қана тәжірибем бар. Кез келген басшының сонында ұжым тұру керек. Мектептің оқушысынан бастап, ұстазына дейін қамқоршы болу керек, жақсы көру керек.

Жас ұстаз мамандарға айтар кеңесіңіз?

- Шыдамдылық, төзімділік, сабырлық тілеймін.

Біздің газетіміз арқылы №37 мектеп ұжымын мерекеге арнайы жылы лебіз, құттықтау тілегіңіз!

- Ұстаздар ұжымына жақсылық, ауызбірлік, отбасылары аман болсын! Әрбір ұстаз өзінің ұстаз болғанына өкінбей, мерейлері үстем болып, құзыреттері арта берсін! Мерекелері құтты болсын! Ләйлә Бажқызы төл мерекенің құтты болсын! Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан: «Қаламгер» баспасөз орталығының тілшілері Айша Уахит, Шакира Шахмарданова, Арыстан Бекишев.

Ұстаз туралы үзік ой

Ұстаз деген қазақ баласы үшін қашанда қасиетті, қадірлі болған.

Алғаш әріп танытып өмірдің қыр сырын білуге, терең түсінуге, адамгершілікке баулыған мұғалімнің орны бөлек.

Шәкірт үшін аянбай жұмыс жүргізіп, білім дәнін сеуіп, оны өмір атты ғаламға ұшырады,

дәлірек айтса өмір сүре білуге тәрбиелейді.

Бойындағы асыл қасиеттерін шәкіртеріне сіңіріп, тер төгеді. Бірақта кез келген адам ұстаз бола алмайды. Ұстаздық өнер – тағылымы терең өнер.

Шын ұстаз болу үшін табиғи дарын, ізгілікті ізденіс пен ерен еңбек шарт. Ұстаз үнемі

ізденіс үстінде болу керек.

Өмір бір орнында тұрмайды, үнемі алға жылжиды, осыған орай заманның жаңа адамын тәрбиелеу, оқыту үшін ізденіп, білімін біліктігін арттырып отыру керек.

**Айым Адылбекова,
№37 ЖОББМ-нің 8-сынып**



№№17-18
(276-277)

от 29 сентября
2018 года

Юнкоры областного Дворца школьников побывали в музыкальной школе №1 им. Курмангазы. Они побеседовали с руководителем школы Бобровской Ольгой Леонидовной, обладателем нагрудного знака «Ы. Алтынсарин». Об истории школы, о развитии творческих способностей детей, обо всем, что узнали юнкоры, хотим рассказать своим читателям.

Расскажите о своем педагогическом пути.

